АСТАНА МЕДИЦИНАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АҚ

# ТАҚЫРЫБЫ: ДЕМОГРАФИЯ

ОРЫНДАҒАН: ЕГЕМБЕРДИЕВА Ә.

505 ТОП ҚДС

АСТАНА 2016Ж

# ЖОСПАР:

- КІРІСПЕ
- НЕГІЗГІ БӨЛІМ

ДЕМОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫ НЕНІ ЗЕРТТЕЙДІ?

КӨШІ-ҚОН ТУРАЛЫ

ХАЛЫҚ САНАҒЫ

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ

- ҚОРЫТЫНДЫ
- ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

ДЕМОГРАФИЯ(ГРЕКШЕ ДЕМОС — ХАЛЫҚ) — БЕЛГІЛІ БІР ХАЛЫҚТЫҢ, ҰЛТТЫҢ, ҰЛЫСТЫҢ, ЭТНИКАЛЫҚ ТОПТЫҢСАНЫН, ҚҰРАМЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫН, АУМАҚҚА БӨЛІНУІН, ӨСУ НЕ КЕМУ ДИНАМИКАСЫН ҚОҒАМДЫҚ-ТАРИХИ ЖАҒДАЙЛАРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРЫП ЗЕРТТЕЙТІН ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМСАЛАСЫ. ДЕМОГРАФИЯ АДАМ ПОПУЛЯЦИЯСЫН ОНЫҢ КӨЛЕМІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫНА СӘЙКЕС, ЯҒНИ ЖЫНЫСЫ, ЖАСЫ, ОТБАСЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ ШЫҒУ ТЕГІ БОЙЫНША, СОНДАЙ-АҚ, ОСЫ ПОПУЛЯЦИЯНЫҢ ТУУ, ӨЛУ ЖӘНЕ МИГРАЦИЯ КОЭФФИЦИЕНТТЕРІНДЕГІ ӨЗГЕРУІ ТҰРҒЫСЫНАН СТАТИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ.



ХАЛЫҚТЫ КӨПТЕГЕН ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫС ТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ЗЕРТТЕЙДІ. ОСЫЛАРДЫҢ ІШІНДЕ ДЕМОГРАФИЯ ЕРЕКШЕ ОРЫН АЛАДЫ. ДЕМОГРАФИЯ ГРЕКТІҢ «DEMOS» - ХАЛЫҚ, «GZAFO»- ЖАЗУ, СИПАТТАУ ДЕГЕН СӨЗДЕРІНЕН ШЫҚҚАН. ХАЛЫҚ КЕҢ МАҒЫНАСЫНДА (НЕМЕСЕ ЕЛ-ЖҰРТ) АДАМДАРДЫҢ ЖИЫНТЫҒЫН БІЛДІРЕДІ. ОЛ БЕЛГІЛІ БІР ТЕРРИТОРИЯДА (НЕМЕСЕ ЖЕР КӨЛЕМІНДЕ) ӨМІР СҮРЕДІ, ІС-ӘРЕКЕТ, ҚЫЗМЕТ ЖАСАЙДЫ. ДЕМОГРАФИЯ ХАЛЫҚТЫҢ ҚҰРАМЫН, САНЫН ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨСУІН, ӨНУІН, КӨБЕЮІН, АЗАЮЫН ЗЕРТТЕЙДІ. БҰЛ ПРОЦЕСТЕ АДАМНЫҢ ЖЫНЫСЫ, ЖАСЫ, АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ, ЖҰМЫСЫ, Т.Б. ЖАҚТАРЫ НЕГІЗГЕ АЛЫНАДЫ, (МЫСАЛЫ, НЕКЕЛЕСУ, ТУУ, МИГРАЦИЯ, ӨНДІРІСКЕ ӘСЕРІН, Т.Б.) ЗЕРТТЕЙДІ. ӘР ҚОҒАМ ХАЛҚЫНЫҢ ӨЗІНІҢ ӨСУ, ӨНУДЕГІ ЕРЕКШЕ ДАМУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ БОЛАДЫ.

АЛҒАШҚЫ АДАМДАР САНАУҒА ДЕГЕН ҚАЖЕТТІЛІК ҚҰЛ ИЕЛЕНУШІЛІК ҚҰРЫЛЫСТА ТУДЫ. ЕҢ ТҰҢҒЫШ ХАЛЫҚ САНАҒЫ – МЫСЫР ЖЕРІНДЕ, БІЗДІҢ ЗАМАНЫМЫЗҒА ДЕЙІНГІ ІІІ ҒАСЫРДА ПАЙДА БОЛДЫ. БІЗДІҢ ЕЛІМІЗ ОРНАЛАСҚАН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ АЙМАҒЫНДА ОЛ VIII ҒАСЫРДА СОҒДИАНА МЕМЛЕКЕТІНДЕ ЖҮРГІЗІЛДІ. АЛ КИЕВ РУСІНДЕ САНАҚ XI ҒАСЫРДА, МӘСКЕУДЕ ХАЛЫҚТЫҢ СТАТИСТИКАЛЫҚ ЕСЕБІ XV ҒАСЫРДА ҒАНА БАСТАЛДЫ. ҚАЗАҚСТАН, РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ ЖӘНЕ Т.Б. ЕЛДЕР КСРО ҚҰРАМЫНДА БОЛҒАН КЕЗЕҢДЕ 7 РЕТ ЖАЛПЫ ХАЛЫҚ САНАҒЫ ӨТКІЗІЛДІ. ОЛАР: 1897, 1926, 1939, 1959, 1970, 1979, 1989 ЖЫЛДАР. АЛ 1999 ЖЫЛҒЫ АҚПАНДАҒЫ ЖАҢА САНАҚ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ МӘРТЕБЕСІНДЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН АЛҒАШҚЫ ХАЛЫҚ САНАҒЫ ЕДІ

1940 ЖЫЛДАРДЫҢ СОҢЫНАН БАСТАП ДҮНИЕ ЖҮЗІ МЕН ОНЫҢ ЖЕКЕ АЙМАҚТАРЫ ТҰРҒЫН ХАЛҚЫНЫҢ ЕСЕБІН БҰҰ-НЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК КЕҢЕСІНЕ ҚАРАСТЫ ХАЛЫҚТЫҢ ОРНАЛАСУЫН ЗЕРТТЕУ КОМИССИЯСЫ ЖҮРГІЗІЛДІ. 1949 ЖЫЛДАН БАСТАП, БҰЛ КОМИССИЯ ЖЫЛ САЙЫН «ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖЫЛНАМА» БАСЫП ШЫҒАРЫП ОТЫРДЫ. МҰНДА ЖАРИЯЛАНЫП ОТЫРАТЫН МАТЕРИАЛДАРДА ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ ХАЛҚЫ ТУРАЛЫ ӨТЕ КЕҢ МӘЛІМЕТТЕР БЕРІЛДІ. ӘРБІР ЕЛДЕ ХАЛЫҚ САНАҒЫ ӘР КЕЗЕҢДЕ ӘР ТҮРЛІ БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛГЕНДІКТЕН, ЖАРИЯЛАНЫП ОТЫРАТЫН МҰНДАҒЫ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ БӘРІ БІРЫҢҒАЙ ЕМЕС. КӨПТЕГЕН ЕЛДЕРДЕ ҚАЗІРГЕ ДЕЙІН ХАЛЫҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ НЕМЕСЕ НӘСІЛДІК ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ КҮНДЕЛІКТЕРІ ЕСЕПТЕРІ ДҰРЫС ЖОЛҒА ҚОЙЫЛМАҒАН. АЛ КЕЙБІР ЕЛДЕРДЕ ХАЛЫҚТЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ (МЫСАЛЫ, ЖАҢА ГВИНЕЯ, ФИЛИППИН) НЕМЕСЕ ДІНИ ҚҰРАМЫНЫҢ ЕСЕБІ ЖҮРГІЗІЛМЕЙДІ. СОНДЫҚТАН ЕСЕПТЕУ МӘЛІМЕТТЕРІ ШЫН МӘНІНДЕГІ ЖАҒДАЙҒА ДӘЛ КЕЛМЕУІ ДЕ МҮМКІН. КОМИССИЯ ЕЛДЕРДІ ЖІКЕТЕП ТОПҚА БӨЛГЕНДЕ, ОЛАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ - ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛГІЛЕРІНЕ ЕМЕС, ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ НЕГІЗІНЕ, ӘСІРЕСЕ ХАЛЫҚТЫҢ ТАБИҒИ ӨСІМІ ТҰРҒЫСЫНАН ҚАРАП БӨЛУДЕ.




АРТЫҚ КӨБЕЮ ҚАУПІ ТӨНБЕЙ МЕ? ӨЙТКЕНІ БІЗДІҢ ПЛАНЕТАМЫЗДАҒЫ РЕСУРСТАР ШЕКСІЗ ЕМЕС ҚОЙ! ОСЫ САУЛНАМАЛЫҚ СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП ІЗДЕУ ҮШІН ТЕК ҚАНА ЖЕР ШАРЫНЫҢ РЕСУРСЫН ҒАНА БІЛІП ҚОЙМАЙ, СОНЫМЕН БІРГЕ ХАЛЫҚТЫҢ ТАБИҒИ ӨСУІНІҢ ЗАҢДАРЫН ДА БІЛУ ҚАЖЕТ. ХАЛЫҚТЫҢ ҰДАЙЫ ӨСУІ ТУУ МЕН ӨЛІМІНІҢ МӨЛШЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ОЛАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМА ТАБИҒИ ӨСІМ ДЕП АТАЛАДЫ. ОНЫҢ САН- МӨЛШЕРІ 1000 АДАМҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПРОМИЛЕ (‰) КӨРСЕТКІШІМЕН ЕСЕПТЕЛЕДІ. ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ОРТАША ЕСЕП: ТУУ – 28 ‰, ӨЛІМ – 10 ‰, АЛ ТАБИҒИ ӨСІМ – 18 ‰. ХАЛАҚТАН ҰДАЙЫ ӨСУІНЕ БІРНЕШЕ ФАКТОРЛАР ӘСЕР ЕТЕДІ. БҰЛ ФАКТОРЛАР, НЕГІЗІНЕН, 5 ТОПҚА БІРІКТІРІЛЕДІ.

1.ТАБИҒИ – БИОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОР. АДАМДАРДЫҢ ТУУЫ МЕН ӨЛУІ – БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰБЫЛЫС . СОЛ СИЯҚТЫ ХАЛЫҚТЫҢ ҰДАЙЫ ӨСУІНЕ ӘР ТҮРЛІ КЛИМАТ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ ЖАҒДАЙЛАРЫНА ҮЛКЕН ӘСЕР ЕТЕДІ. АЛ ӨЛІМГЕ КЕЛСЕК, БҰЛ – ҚАЙТЫМСЫЗ ПРОЦЕСС. КӨБІНЕСЕ АДАМДАР ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАРТАЮДАН ЕМЕС, НЕГІЗІНЕН, ОЛАР АУРУДАН НЕМЕСЕ БАСҚА ДА СЕБЕПТЕРДЕН ӨЛЕДІ. АУРУДЫҢ ТАРАЛУЫ ӘРБӘР ЖЕРДІҢ ТАБИҒИ ОРТАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ БОЛУЫ МҮМКІН. МЫСАЛЫ, БАТПАҚТЫ ЖЕРЛЕРДЕ – БЕЗГЕК АУРУЫ, ТРОПИКАДА – ҰЙҚЫ АУРУЫ Т.Б.

2. ӘЛЕУМЕТТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОР. БҰҒАН ЖАТАТЫНДАР: ХАЛЫҚТЫҢ ТҰРМЫСТЫҚ ХАЛ-АХУАЛ ДЕҢГЕЙІ, ДЕНСАУЛЫҚТАУ САҚТАУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ, ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚОҒАМДЫҚ ЖАҒДАЙЫ, ХАЛЫҚТЫҢ МӘДЕНИ ЖӘНЕ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІ, ШҰҒЫЛДАНАТЫН КӘСІБІ, Т.Б.

3. ТАБИҒИ ӨНІМНІҢ МӨЛШЕРІНЕ ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАРДЫҢ КЕЛЕСІСІ – ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ТОПҚА БІРІКТІРІЛЕДІ. БҰЛАРҒА: ХАЛЫҚТЫҢ ЖАСТЫҚ ЖӘНЕ ЖЫНЫСТЫҚ ҚҰРАМЫ, НЕКЕЛЕСУ ЖӘНЕ АЖЫРАСУ ФАКТОРЛАРЫ ДА ЖАТАДЫ.

4.ТАБИҒИ ӨСІМГЕ ҮЛКЕН ӘСЕР ЕТУШІ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАР ТОБЫНЫҢ БІРІ – ОЛ МӘДЕНИ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР. МЫСАЛЫ, КӨП БАЛАЛЫ БОЛУ, ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫ, МҰНДАЙ ЖАҒДАЙ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДӘСТҮР ДЕП АТАЛАДЫ. ДІННІҢ ӘСЕРІНЕ КЕЛСЕК, ИСЛАМ, ИНДУС, КАТОЛИК, Т.Б. ДІНДЕР КӨБЕЮДІ ҚОЛДАЙДЫ. КЕЙБІР ДІНДЕРДІҢ ТУУҒА ОНША ӘСЕРІ ЖОҚ, МЫСАЛЫ, БУДДА, ПРОТЕСТАНТ, ПРОВОСЛАВИЕ ДІНДЕРІ

5. ХАЛЫҚТЫҢ ТАБИҒИ ӨСІМІНЕ ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАР АРАСЫНДА ЕРЕКШЕ ОРЫНДЫ СОҒЫС ПЕН СТИХИЯЛЫҚ АПАТТАР АЛАДЫ. ӘСІРЕСЕ СОҢҒЫ ЕКІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫҢ ЗАРДАБЫ АСА КӨП. БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТА ШАМАМЕН 10 МЛН—НАН АСА АДАМ КӨЗ ЖҰМСА, ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТА 50 МЛН-ҒА ЖУЫҚ АДАМ ҚАЗА ТАПТЫ. СОҒЫСТЫҢ ЗАРДАБЫ СОНЫМЕН БІРГЕ АДАМДАРДЫҢ ТҰРМЫС АХУАЛЫНЫҢ ТӨМЕНДЕУІНЕ, АШ-ЖАЛАҢАШТЫҚҚА, ТҮРЛІ АУРУЛАРҒА ШАЛДЫҚТЫРАДЫ. ӘРІ ҚОСЫМША ШЫҒЫНДАРҒА ҰШЫРАДЫ. МЫСАЛЫ, НЕКЕГЕ ТҰРУШЫЛАР САНЫНЫҢ АЗАЮЫ, ХАЛЫҚТЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ ҚҰРАМЫ БҰЗЫЛУЫ, ҮЕРКЕКТЕРДІҢ БІРАЗ БӨЛІГІНІҢ СОҒЫСТА ШЫҒЫНҒА ҰШЫРАУЫ ТУУДЫҢ МӨЛШЕРІНІҢ АЗАЮЫНА АЛЫП КЕЛДІ. ТАБИҒИ АПАТТАРДЫҢ – ЖЕР СІЛКІНУ, СУ ТАСУ, ДАУЫЛ, ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚ, ТЕМПЕРАТУРАЛЫҚ РЕЖИМДЕРДІҢ ШҰҒЫЛ ӨЗГЕРІСІ, Т.Б. ЖЫЛ САЙЫН МЫҢДАҒАН АДАМ ӨМІРІН ҚИЮДА.

XX ҒАСЫРДАҒЫ АДАМЗАТТЫҢ САНЫНЫҢ ЖЫЛДАМ АРТУЫН ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАРЫЛЫС ДЕП АТАЙДЫ. СОҢҒЫ 100 ЖЫЛДАҒЫ ӨСІМГЕ ЖЕРДЕГІ ҚАЗІР ӨМІР СҮРЕТІН АДАМДАРДЫҢ 3/4-І СӘЙКЕС КЕЛЕДІ. ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДА ӘР ОН ЖЫЛ САЙЫН ЖЫЛДЫҚ ӨСІМ ШАМАМЕН 10 МЛН.-ҒА АРТЫП ОТЫРДЫ. 50-ЖЫЛДАРЫ 533 МЛН БОЛСА, 60-ЖЫЛДАРДА — 66,7 МЛН, 70-ЖЫЛДАРДА — 70,3 МЛН, 80-ЖЫЛДАРДА — 86,4 МЛН. АДАМ. АДАМ САНЫНЫҢ 1 МЛРД-ТАН — 2 МЛРД-ҚА ӨСУІ ҮШІН 107 ЖЫЛ ҚАЖЕТ БОЛСА (1820-1927 Ж), ОЛ 3 МЛРД.-ҚА ДЕЙІН - 32 ЖЫЛ (1959 Ж) 4 МЛРД.-ҚА - 15 ЖЫЛ (1974), 5 МЛРД-ҚА - 13 ЖЫЛ (1987), 6 МЛРД.-ҚА - 12 ЖЫЛ (1999), ХАЛЫҚ САНЫНЫҢ СОҢҒЫ РЕТ ЕКІ ЕСЕЛЕНУІНЕ НЕБӘРІ 38 ЖЫЛ ҚАЖЕТ БОЛДЫ.

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДҮМПУ КЕЗЕҢІНДЕ ӨЛІМНІҢ АЗАЮЫ ТУУЫДЫҢ АЗАЮЫНАН АСЫП ТҮСІП ЖАТАДЫ ДА, АЛ ХАЛЫҢ САНЫНЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРҒА ТӘУЕЛСІЗ ТҮРДЕ – АҚ ЖЕДЕЛ ӨСУІНЕ АЛЫП КЕЛЕДІ. ДҮНИЕ ЖҮЗІНДЕГІ ХАЛЫҚ САНЫНЫҢ ӨТЕ ТЕЗ ӨСУІ 20 ҒАСЫРДЫҢ 2 ЖАРТЫСЫНАН БАСТАЛАДЫ. МЫС, ЖЕР ШАРЫ ХАЛҚЫНЫҢ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ АБСОЛЮТ ӨСУІ 20 ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА 40-50 МЛН-ҒА ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫНДА 90 МЛН АДАМҒА ЖЕТТІ. ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ ТҮРЛІ АЙМАҚТАРЫНДА ХАЛЫҚ САНЫНЫҢ ӨСУІ ӘР ТҮРЛІ. ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДҮМПУДІ БАСЫНАН ӨТКЕРІП ОТЫРҒАН ЕЛДЕРДЕ БҮКІЛ ПЛАНЕТА ХАЛҚЫНЫҢ ¾ БӨЛІГІ ТҰРАДЫ.

ОНЫҢ ІШІНДЕ АЗИЯНЫҢ ХЫЛҚЫ ЖЫЛ САЙЫН ШАМАМЕН 55 МЛН АДАМҒА, АФРИКАНЫҢ ХАЛҚЫ 20 МЛН АДАМҒА, ЛАТЫН АМЕРИКАСЫНДА 10 МЛН – НАН АСТАМ АДАМҒА ӨСІП ОТЫРАДЫ. ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДҮМПУДІҢ ӘСЕРІ ҚАЗАҚСТАНДА ДА ҚАРҚЫНДЫ СИПАТ АЛДЫ. ӘСІРЕСЕ 20 ҒАСЫРДЫҢ 2-ЖАРТЫСЫНДА ХАЛЫҚ САНЫ ТЕЗ ӨСТІ. НӘТИЖЕСІНДЕ, ХАЛЫҚ САНЫ 9,3 МЛН –НАН АСТАМ (1959) 16,5 МЛН-ҒА (1989) ДЕЙІН ҰЛҒАЙДЫ. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САНЫ 13 МИЛЛОНДЫҚ ДЕҢГЕЙДЕН 1945 – 74 Ж ЖЕДЕЛ ӨСУ ЯҒНИ НАҒЫЗ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДҮМПУ ҚАРҚЫНЫ САЛҒЫНДАЙ ТҮСТІ. 2002 ЖЫЛДАН ҚАЗАҚСТАНДА ЖАҢА ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДҮМПУ ҚҰБЫЛЫС БАСТАЛАТЫНА БОЛЖАНУДА

АЛҒАШҚЫ ЖАЛПЫ ХАЛЫҚ САНАҒЫ 1897 ЖЫЛЫ, АЛ СОҢҒЫ ҚР ҰЛТТЫҚ САНАҒЫ 2009 ЖЫЛЫ 25 АҚПАННАН 6 НАУРЫЗ АРАЛЫҒЫНДА ӨТТІ.

БҰЛ УАҚЫТ ІШІНДЕ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ 4 ЕСЕ ӨСТІ.

ЕЛДІҢ , АЙМАҚТЫҢ, ЕЛДІ МЕКЕННІҢ ХАЛҚЫНЫҢ САНЫ ЕКІ ТҮРЛІ СЕБЕПТЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ.



БІРІНШІ ФАКТОР-ТУУ МЕН ӨЛУДІҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ҰРПАҚ АУЫСУЫ НЕМЕСЕ ХАЛЫҚТЫҢ ТАБИҒИ ӨСІМІ, АЛ ЕКІНШІСІ – АДАМДАРДЫҢ БІР ЖЕРДЕН ЕКІНШІ ЖЕРГЕ ҚОНЫС АУДАРУЫ, ОНЫ ХАЛЫҚТЫҢ МЕХАНИКАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ (КОШІ-ҚОН) ДЕП АТАЙДЫ. ТУУ МЕН КӨШІП КЕЛУ ТҰРҒЫНДАР САНЫН КӨБЕЙТСЕ, ӨЛУ МЕН КӨШІП КЕТУ, КЕРІСІНШЕ АЗАЙТАДЫ.



ДАҒДАРЫС - ӘЛЕУМЕТТІК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ТАБИҒИ ЫҚПАЛДАРДЫҢ ӘСЕРІНЕН БЕЛГІЛІ БІР АЙМАҚТАҒЫ (ЕЛДЕГІ, ОБЛЫСТАҒЫ, АУДАНДАҒЫ) ХАЛЫҚТЫҢ ҰДАЙЫ ӨСУІНІҢ ТЕЖЕЛУІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫСҚА СОҒЫС, ӘЛЕУМЕТТІК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР, МЕМЛЕКЕТТІҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТЫ Т.Б. ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР ЕТЕДІ. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ 20 ҒАСЫРДА (1916 - 22) БІРІНШІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫСҚА ҰШЫРАДЫ. ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ МЕН АЗАМАТ СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ КҮЙЗЕЛІСКЕ, ХАЛЫҚТЫҢ АШАРШЫЛЫҚҚА ДУШАР БОЛУЫНАН ЕЛДЕГІ ХАЛЫҚТЫҢ 19% - І (ЯҒНИ 950 МЫҢ ҚАЗАҚ) ОПАТ БОЛДЫ.

СОНЫМЕН ҚАТАР, ШЕТ ЕЛДЕРГЕ (ҚЫТАЙ, МОНҒОЛИЯ, АУҒАНСТАН, ИРАН, ТҮРКИЯ) 400 МЫҢ ХАЛЫҚ БІРЖОЛА ҚОНЫС АУДАРДЫ. ЕКІНШІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫС 1931-32 Ж БАСТАЛДЫ. 1932 ЖЫЛҒЫ АШАРШЫЛЫҚТЫҢ КЕСІРІНЕН 2 МЛН 300 МЫҢ АДАМ ӨЛДІ. ОСЫ КЕЗДЕ 900 МЫҢ ҚАЗАҚ ЖАН САҚТАУ ҮШІН ШЕТ АЙМАҚҚА КӨШТІ. АЛ 2 – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТА 600 МЫҢДАЙ ҚАЗАҚ ШЫҒЫН БОЛДЫ. СӨЙТІП ҮШ РЕТ СОҚҚАН ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫСТЫҢ САЛДАРЫНАН ҚАЗАҚСТАННАН БІРЖОЛАТА КӨШІП КЕТКЕНДЕРДІ ҚОСА ЕСЕПТЕГЕНДЕ, ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ 4,5 МЛН АДАМҒА КЕМІГЕН. ДЕМОГРАФТАРДЫҢ ТОПШЫЛАУЫ БОЙЫНША, ЕГЕР МҰНДАЙ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫС БОЛМАСА, ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САНЫ БҰЛ КҮНДЕ 25 МЛН-ҒА ЖЕТКЕН БОЛАР ЕДІ.

ХАЛЫҚТЫҢ КӨШІ-ҚОНЫ- АДАМДАРДЫҢ БІР АУДАННАН ЕКІНШІ АУДАНҒА ТҰРУ ҮШІН ҚОНЫС АУДАРУЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОНЫ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ДЕП БӨЛІНЕДІ. СЫРТҚЫ КӨШІ-ҚОН ҒА ЭМИГРАЦИЯ ( ЕЛДЕН КЕТУ), ИММИГРАЦИЯ ( ЕЛГЕ КЕЛУ) ЖӘНЕ РЕЭМИГРАЦИЯ НЕМЕСЕ РЕПАТРАЦИЯ (КӨШІП КЕТКЕНДЕРДІҢ ЕЛГЕ ҚАЙТА ОРАЛУЫ) ЖАТАДЫ

ЕЛІМІЗ ЖЫЛ САЙЫН ХАЛЫҚТЫҢ КӨШІ-ҚОН ШЫҒЫНЫНА ҰШЫРАУДА, 1991-2000 ЖЫЛДАР АРАЛЫҚЫНДА ОЛАР 2 МИЛЛИОН АДАМНАН АСЫП ТҮСТІ. КӨШІП КЕТУ 1994 ЖЫЛЫ ШЫРҚАУ ШЫҢЫНА ЖЕТТІ ЖӘНЕ КӨШІП КЕТУШІЛЕРДІҢ САНЫ 477,1 МЫҢ АДАМДЫ ҒҰРАДЫ. СОҢҒЫ ЖЫЛДАРДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУМАҒЫНАН КЕТУШІЛЕР САНЫ КҮРТ АЗАЙДЫ ЖӘНЕ ЖЫЛ САЙЫН 200 МЫҢНАН 160 МЫҢ АДАМҚА ДЕЙІН АУЫТҒЫП ОТЫРАДЫ.



БАЛА ТУУДЫҢ АЗАЮЫНАН, ӘЛІМНІҢ КӘБЕЮІНЕН ТУЫНДАҒАН ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛДЫҢ НАШАРЛАУ ЖАҒДАЙЫНДА ХАЛЫҚТЫҢ КӨШІ-ҚОН ШЫҒЫНЫНЫҢ ҚОЛАЙСЫЗ ҮРДІСІ ҚАЛЫПТАСУДА. 1991 ЖЫЛЫ КӨШІП КЕТУ СЕБЕБІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӘРБІР МЫҢ АДАМНАН 3 АДАМ, 1992 ЖЫЛЫ - 10, 1993 ЖЫЛЫ - 13, 1994 ЖЫЛЫ - 25-КЕ ЖУЫҒ, 1995 ЖЫЛЫ - 15, 1998 ЖЫЛЫ - 13, АЛ 2000 ЖЫЛЫ - 11 АДАМ КЕМІДІ.



АЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТҚА ЖЕТУ ҮШІН МЫНАДАЙ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР ШЕШІЛЕТІН БОЛАДЫ:

- КӨШІП КЕТУДІ АЗАЙТУ ЖӘНЕ ТҰТАСТАЙ АЛҒАНДА ІШКІ КӨШІ-ҚОН БОЙЫНША ТЕРІС САЛЬДОНЫ АЗАЙТУ;

- БҰРЫНҒЫ ОТАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ ОТАНЫНА ОРАЛУЫНА ЖӘРДЕМДЕСУ;

- КӨШІ-ҚОН ПРОЦЕСТЕРІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖӘНЕ ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ.

- ЕЛІМІЗДЕ БОЛЫП ЖАТҚАН КӨШІ-ҚОН ПРОЦЕСТЕРІНЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ КӨП ФАКТОРЛАР ӘСЕР ЕТЕДІ. ЖАЛПЫ АЛҒАНДА, ОЛАРДЫ МЫНАДАЙ НЕГІЗГІ ТОПТАРҒА БӘЛУГЕ БОЛАДЫ:
- - САЯСИ;
- - ЭТНОМӘДЕНИ;
- - ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ;
- - ТАБИҒИ-КЛИМАТТЫҚ, ЭКОЛОГИЯЛ
- - АҚПАРАТТЫҚ-НАСИХАТТЫҚ.



**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨШІ-ҚОНҒА** - ХАЛЫҚ ҚОРШАҒАН ОРТАСЫ ЛАС АУДАНДАР МЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АПАТ АЙМАҚТАРЫНАН БАСҚА ЖАҚТАРҒА ҚОНЫС АУДАРУЫ ЖАТАДЫ. КӨШІ-ҚОН ҰЗАҚТЫҒЫНА ҚАРАЙ ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ УАҚЫТША ДЕП ЕКІГЕ БӨЛІНЕДІ. УАКЫТШАҒА - ВАХТАЛЫҚ (АУЫСПАЛЫ) ЖҰМЫСҚА КЕЛУ ЖАТАДЫ. ОЛ КӨБІНЕСЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ИГЕРУ АЙМАҚТАРЫНА ТӘН. КЕЛЕСІ МЫСАЛ — МАУСЫМДЫҚ, ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНА КЕЛУ. УАҚЫТША КӨШІ-ҚОНДЫ ТУРИСТЕР, ЖАС ЕҢБЕК ОТРЯДТАРЫ, ГАСТАРБАЙТЕРЛЕР (ШЕТЕЛДІК ЖҰМЫСШЫЛАР) ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ. ФОРМАСЫНА ҚАРАЙ - ЕРІКТІ ЖӘНЕ ЕРІКСІЗ ДЕП БӨЛІНЕДІ.

(ҰЙЫМДАСПАҒАН КӨШІ-ҚОН) ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН (ҰЙЫМДАСҚАН КӨШІ-ҚОН) ЖАҒДАЙДА БОЛАДЫ. МЫСАЛЫ, ТЫҢ ЖӘНЕ ТЫҢАЙҒАН ЖЕРДІ ИГЕРУДІ, ШЕТ ЕЛДЕГІ ҚАНДАСТАРҒА ЕЛГЕ ОРАЛУДЫ МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ҰЙЫМДАСТЫРУ.

**ЕРІКСІЗ КӨШІ-ҚОН** - СТАЛИНДІК РЕПРЕССИЯ ТҰСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫ ОТЫРҒАН ЖЕРІНЕН КҮШПЕН КӨШІРІП ЖІБЕРУ. 1937-44 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДА ҚАЗАҚСТАНҒА КОРЕЙЛЕР, ПОЛЯКТАР, НЕМІСТЕР, ШЕШЕНДЕР, ИНГУШТАР, БАЛҚАРЛАР ЖӘНЕ БАСҚА ХАЛЫҚТАР КҮШПЕН КЕШІРІЛІП ӘКЕЛІНДІ. БАРЛЫҒЫ 1 МЛН АДАМҒА ЖЕТКЕН СЫРТҚЫ КӨШІ-ҚОННЫҢ БІРДЕЙ ДЕҢГЕЙДЕГІ 3 АҒЫМЫ БАР

**2015 ЖЫЛҒЫ 1 АҚПАНҒА ЕЛІМІЗДЕГІ ХАЛЫҚ САНЫ 17 439,3 МЫҢ АДАМДЫ ҚҰРАДЫ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ҚАЛАЛЫҚТАР – 9 646,3 МЫҢ (55,3%), АУЫЛДЫҚТАР – 7 793,0 МЫҢ АДАМДЫ (44,7%) ҚҰРАДЫ. 2014 ЖЫЛҒЫ 1 АҚПАНМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ХАЛЫҚ САНЫ 252,3 МЫҢ АДАМҒА НЕМЕСЕ 1,5% ӨСТІ.**



АХАТ ОРГАНДАРЫ ҰСЫНҒАН АЗАМАТТЫҚ ХАЛ АКТІЛЕРІ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ ӨҢДЕУ НӘТИЖЕСІНДЕ, 2015Ж. ҚАҢТАРДА ТУЫЛҒАНДАР САНЫ 33,4 (33,7) МЫҢ АДАМДЫ ҚҰРАП, 2014 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРҒА ҚАРАҒАНДА 0,9% КЕМІДІ. ТУУДЫҢ ЖАЛПЫ КОЭФФИЦИЕНТІ 1000 АДАМҒА 22,44 (22,96) ТУЫЛҒАНДАРДЫ ҚҰРАДЫ.

ҚАРАСТЫРЫЛЫП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢДЕ ҚАЙТЫС БОЛҒАНДАР САНЫ 11,7 (12,2) МЫҢ АДАМДЫ ҚҰРАП, 2014Ж. ҚАҢТАРҒА ҚАРАҒАНДА 0,5 МЫҢ АДАМҒА НЕМЕСЕ 4,1% АЗАЙДЫ. ӨЛІМ-ЖІТІМНІҢ ЖАЛПЫ КОЭФФИЦИЕНТІ 1000 АДАМҒА 7,89 (8,34) ҚАЙТЫС БОЛҒАНДАРДЫ ҚҰРАДЫ.

- 2015Ж. ҚАҢТАРДА РЕСПУБЛИКА ХАЛҚЫНЫҢ ТАБИҒИ ӨСІМІ 2014Ж. ҚАҢТАРМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА 0,2 МЫҢ АДАМҒА НЕМЕСЕ 1% АРТЫП, 21,7 (21,5) МЫҢ АДАМДЫ ҚҰРАДЫ. ТАБИҒИ ӨСІМНІҢ ЖАЛПЫ КОЭФФИЦИЕНТІ 1000 АДАМҒА ШАҚҚАНДА 14,55 (14,62) АДАМДЫ ҚҰРАДЫ.
- 2015Ж. ҚАҢТАРДА РЕСПУБЛИКАДА 1 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ ҚАЙТЫС БОЛҒАН НӘРЕСТЕ САНЫ 341 (401) АДАМДЫ ҚҰРАП, 2014Ж. СӘЙКЕС КЕЗЕҢІМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА 15% АЗАЙДЫ. ОСЫ КЕЗЕҢДЕ НӘРЕСТЕ ӨЛІМ-ЖІТІМІНІҢ КОЭФФИЦИЕНТІ 2014 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА 11,89 ПРОМИЛЛЕДЕН 10,20 ПРОМИЛЛЕГЕ ДЕЙІН ТӨМЕНДЕДІ.
- 2015 ЖЫЛҒЫ 1 АҚПАНҒА ЕЛІМІЗДЕГІ ХАЛЫҚ САНЫ 17 439,3 МЫҢ АДАМДЫ ҚҰРАДЫ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ҚАЛАЛЫҚТАР – 9 646,3 МЫҢ (55,3%), АУЫЛДЫҚТАР – 7 793,0 МЫҢ АДАМДЫ (44,7%) ҚҰРАДЫ. 2014 ЖЫЛҒЫ 1 АҚПАНМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ХАЛЫҚ САНЫ 252,3 МЫҢ АДАМҒА НЕМЕСЕ 1,5% ӨСТІ

2015Ж. ҚАҢТАРДА РЕСПУБЛИКАДА 1 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ ҚАЙТЫС БОЛҒАН НӘРЕСТЕ САНЫ 341 (401) АДАМДЫ ҚҰРАП, 2014Ж. СӘЙКЕС КЕЗЕҢІМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА 15% АЗАЙДЫ. ОСЫ КЕЗЕҢДЕ НӘРЕСТЕ ӨЛІМ-ЖІТІМІНІҢ КОЭФФИЦИЕНТІ 2014 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА 11,89 ПРОМИЛЛЕДЕН 10,20 ПРОМИЛЛЕГЕ ДЕЙІН ТӨМЕНДЕДІ. НӘРЕСТЕ ӨЛІМ-ЖІТІМІНІҢ НЕГІЗГІ СЕБЕБІ - ПЕРИНАТАЛДЫҚ КЕЗЕҢДЕ ПАЙДА БОЛАТЫН ЖАҒДАЙЛАР, БҰДАН 2015 Ж. ҚАҢТАРДА 170 (201) НӘРЕСТЕ ҚАЙТЫС БОЛДЫ, БҰЛ НӘРЕСТЕЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ӨЛІМНІҢ ЖАЛПЫ САНЫНЫҢ 49,9% (50,1%) ҚҰРАДЫ. ТУА БІТКЕН АУЫТҚУЛАРДАН ҚАЙТЫС БОЛҒАН НӘРЕСТЕЛЕР САНЫ 77 (85) НЕМЕСЕ 22,6% (21,2%), ТЫНЫС ОРГАНДАРЫ АУРУЛАРЫНАН - 30 (37) НЕМЕСЕ 8,8% (9,2%) ЖӘНЕ ЖАЗАТАЙЫМ ЖАҒДАЙДАН, УЛАНУДАН ЖӘНЕ ЖАРАҚАТТАН - 16 (15) НЕМЕСЕ 4,7% (3,7%) АДАМДЫ ҚҰРАДЫ.






Владимир Романов

КӨШІ-ҚОН ПОЛИЦИЯСЫ ОРГАНДАРЫ ҰСЫНҒАН КЕЛУ/КЕТУДІ СТАТИСТИКАЛЫҚ ЕСЕПКЕ АЛУ ТАЛОНДАРЫНДАҒЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ ӨҢДЕУ НӘТИЖЕСІНДЕ, 2015 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР ЕЛІМІЗГЕ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ТҰРУҒА КЕЛГЕНДЕРДІҢ ТІРКЕЛУ САНЫ (КӨШІП-ҚОНУШЫЛАР) 2014 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА 2,5% ӨСІП, 1 730 АДАМДЫ ҚҰРАДЫ. ЕЛІМІЗДЕН КЕТКЕН КӨШІП-ҚОНУШЫЛАРДЫҢ ТІРКЕЛУ САНЫ 12,2% КӨБЕЙІП, 1 589 АДАМДЫ ҚҰРАДЫ, КӨШІ-ҚОННЫҢ АЙЫРЫМЫ 141 АДАМ БОЛДЫ. ЕЛІМІЗДЕГІ НЕГІЗГІ КӨШІ-ҚОН АЛМАСУЫ ТМД МЕМЛЕКЕТТЕРІМЕН БОЛУДА.



ТМД ЕЛДЕРІНЕН КЕЛГЕНДЕРДІҢ ЖӘНЕ СОЛ ЕЛДЕРГЕ КЕТКЕНДЕРДІҢ ҮЛЕСІ, ТИІСІНШЕ, 89,5% ЖӘНЕ 89,0% ҚҰРАДЫ. ҚАРАСТЫРЫЛЫП ОТЫРҒАН КЕЗЕҢДЕ 2014Ж. СӘЙКЕС КЕЗЕҢІМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ЕЛ ІШІНДЕ КӨШІП-ҚОНУШЫЛАР САНЫ 13 804 АДАМҒА НЕМЕСЕ 49,3% КӨБЕЙІП, 41 796 АДАМДЫ ҚҰРАДЫ. ӨҢІРАРАЛЫҚ КӨШІП-ҚОНУШЫЛАРДЫҢ ҮЛЕСІНЕ ЕЛІМІЗДІҢ ЖАЛПЫ ІШКІ КӨШІП-ҚОНУШЫЛАР САНЫНЫҢ 40,4% (43,7%) ТИЕСІЛІ. ӨҢІРАРАЛЫҚ КӨШІ-ҚОННЫҢ ОҢ АЙЫРЫМЫ АЛМАТЫ (2 690 АДАМ), АСТАНА (473 АДАМ) ҚАЛАЛАРЫНДА ЖӘНЕ АҚМОЛА (124 АДАМ), МАҢҒЫСТАУ (78 АДАМ), АҚТӨБЕ (11 АДАМ) ОБЛЫСТАРЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫ.



**ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ** - [ КӨНЕ ГРЕКШЕ: DEMOS - ХАЛЫҚ, КӨНЕ ГРЕКШЕ: GRAPHIO - ЖАЗУ] - ЕЛДЕГІ ЖӘНЕ АЙМАҚТАҒЫ ХАЛЫҚ САНЫН РЕТТЕУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІҢ ІШКІ САЯСАТЫНЫҢ БІР САЛАСЫ. **ХАЛЫҚ САНЫ** - КЕЗ КЕЛГЕН ЕЛДІҢ ДАМУЫНЫҢ АСА МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ. СОНДЫҚТАН МЕМЛЕКЕТ БҰЛ САЛАДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ КӨЗ ЖҰМЫП, ЕЛЕМЕЙ ҚОЯ АЛМАЙДЫ. ОЛ ӘЛДЕ ХАЛЫҚ САНЫНЫҢ ӨСУІНЕ ЖАҒДАЙ ТУДЫРАДЫ НЕМЕСЕ ОНЫ ҚАНДАЙ ДА БІР ЖОЛДАРМЕН ШЕКТЕЙДІ, ӘЛДЕ БҰЛ МӘСЕЛЕГЕ НАҚТЫЛЫ АРАЛАСПАЙ, ОНЫҢ ТАБИҒИ ЖОЛМЕН РЕТТЕЛУІН БАҚЫЛАЙДЫ. НАҚТЫЛЫ НЕГІЗДЕЛГЕН **ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ** ЖҮРГІЗУ ҮШІН, ӘДЕТТЕ, ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ХАЛЫҚ САНАҒЫ ЖҮРГІЗІЛІП ОТЫРАДЫ.

**ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ** ШЕҢБЕРІНДЕ ХАЛЫҚ ҚҰРАМЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ, ӨСУІ МЕН ӨЛІМІ, ОНЫҢ ЖҰМЫСБАСТЫЛЫҒЫ, КӨШІ-ҚОН МӘСЕЛЕЛЕРІ ШЕШІЛЕДІ. БЕЛСЕНДІ **ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ** ЖҮРГІЗУ ДАМЫҒАН ЖӘНЕ ДАМУШЫ ЕЛДЕРГЕ БІРДЕЙ ӨЗЕКТІ ӘРІ МАҢЫЗДЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. КӨПТЕГЕН ДАМУШЫ, ӘСІРЕСЕ, ХАЛЫҚ САНЫ КӨП ЕЛДЕРДЕ ҚАЗІРГІ АДАМДАРДЫҢ ӨМІР СҮРУ ДЕҢГЕЙІ ОДАН ӘРІ ҚҰЛДЫРАП КЕТПЕУІ ҮШІН АДАМНЫҢ ТАБИҒИ ӨСІМІН ШЕКТЕУІ, АЛ, ДАМЫҒАН ЕЛДЕРДЕ КЕРІСІНШЕ, БАЛА ТУУҒА ЫНТАЛАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ.

***ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ ӘРТҮРЛІ КЕШЕНДІ ШАРАЛАРДЫ ҚОЛДАНАДЫ:***[2] **ЭКОНОМИКАЛЫҚ** (АҚЫСЫ ТӨЛЕНЕТІН ДЕМАЛЫС ЖӘНЕ БАЛА ТУЫЛҒАН КЕЗДЕН ӘРТҮРЛІ ЖӘРДЕМАҚЫЛАР, БАЛАНЫҢ САНЫНА, ЖАСЫНА, ОТБАСЫ ЖАҒДАЙЫНА ҚАРАМАЙ ЖӘРДЕМАҚЫЛАР ТАҒАЙЫНДАУ; ҚАРЫЗДАР, НЕСИЕЛЕР, САЛЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ТҰРМЫС, ҮЙ ЖЕҢІЛДІКТЕРІН БЕРУ ЖӘНЕ Т. Б.);

**ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ** (ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕР, РЕТТЕЛЕТІН НЕКЕЛЕР, АЖЫРАСУ, ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ, АЛИМЕНТТІК ТӨЛЕМ МІНДЕТТЕРІ АНА МЕН БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУ, ЖАСАНДЫ ТҮСІК ЖӘНЕ БАЛА КӨТЕРУДЕН САҚТАНУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ, ЖҰМЫСҚА ЖАРАМСЫЗДАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ЖҰМЫСБАСТЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ, ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ӘЙЕЛ-АНАЛАРДЫҢ ЕҢБЕК ТӘРТІБІ, ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ КӨШІ-ҚОН ЖӘНЕ Т.Б.);

**ҚОҒАМДАҒЫ НАҚТЫЛЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ КЛИМАТТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА, ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ПІКІРДІ, ЕРЕЖЕЛЕРДІ, СТАНДАРТТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТӘРБИЕЛІК ЖӘНЕ НАСИХАТТЫҚ ШАРАЛАРЫ**

ҒЫЛЫМИ САЯСИ ЭКОНОМИЯ ТЕОРИЯСЫНА СӘЙКЕС ӘРБІР ТАРИХИ ӨНДІРІСТІК ТӘСІЛДІҢ ӨЗІНЕ ТӘН ХАЛЫҚТЫҢ ӨСІП-ӨНУ ЗАҢЫ БОЛАДЫ. ХАЛЫҚТЫҢ ЖҰМЫССЫЗДЫҒЫ, ОНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ТӨМЕН БОЛУЫ СОЛ ҚОҒАМНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ЗАҢДАРЫНА ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ. ОСЫҒАН ОРАЙ ХАЛЫҚТЫҢ ӨСУІ ҚОҒАМНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ЖҮЙЕСІНЕ КІРЕДІ, БІРАҚ, ОЛ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗГІ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ БОЛА АЛМАЙДЫ. СОНЫМЕН,ДЕМОГРАФИЯ ХАЛЫҚТЫҢ АЛУАН ТҮРЛІ ЕРЕКШЕЛІК СИПАТТАМАЛАРЫН ЗЕРТТЕЙДІ. ХАЛЫҚТЫҢ САН ЖАҒЫНАН ҚАНША, ҚАНШААДАМ БЕЛГІЛІ БІР МАМАНДЫҚТА, ҚАНША АДАМНЫҢ БЕЛГІЛІ БІР ДЕҢГЕЙ-ДӘРЕЖЕДЕ БІЛІМІ БАР; ЕКІНШІ ЖАҒЫНАН, ДЕМОГРАФИЯ АДАМДАРДЫҢ КЕЙБІР САПАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫН, МЫСАЛЫ, БЕЛГІЛІ БІР ОРЫНДАЛЫП ЖАТҚАН ҚЫЗМЕТ ТҰРҒЫСЫНАН ХАЛЫҚТЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫН ЗЕРТТЕЙДІ. ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЛШЕМІ-НАҚТЫЛЫ АДАМ.

# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. PAVLODARNEWSKZ
2. АСТАНА. 15 НАУРЫЗ. BAQ.KZ
3. EL.KZ- МАҚАЛАЛАРЫ
4. ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІ